



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ


«Үміт» өмірлік қиын жағдайға тап болған қыз келіншектерді оңалту орталығы

**Жоба командасы: Капарова Гүлсара
Искакова Айнур
Амангелді Құттыбай
Мейрханов Нурлан**



Негіздеме

Қазақстанда жылына 400-ге жуық әйел күйеулерінің зорлығынан қаза табады. Қыз-келіншектер арасында суицидтік және депрессияға түскен әйелдердің өз балаларын немесе асырап алған балаларын ұрып соғу, қасақана немесе байқаусызда өлтіру фактілерінің орын алуда. Бұл жасырын дүние емес. Алысқа бармай-ақ Қазақстанның өзінде әр аймақта тіркелетін бұл жағдай көбеймесе азаяр емес.





Ұсыныс

Бұл проект Жамбыл ауданы әкімдігінің рұқсатымен және жеке кәсіпкерлердің қаржыландыруымен, блогерлердің жарнамалық қолдауымен жүзеге асатын болады. Статистикаға үңілсек бұл үлкен мәселенің артынан көптеген мәселелердің пайда болатынын көреміз. Бір өкініштісі бұл ғаламдық проблема өскелең ұрпақтың болашағына да балта шаппақ. Осы себеппен аудан орталығынан өмірлік қиын жағдайға тап болған қыз-келіншектерді оңалту орталығын ашу қажеттілігі туындап отыр.

Мұндай жан түршігерлік жағдайлар ауылды жерлерде болмайды деп кім айтты? Қазіргі карантин жағдайында тұрмыстық-зорлық зомбылыққа ұшырағандар саны ауылды елді мекендерде де өсіп тұр. Бұл пилоттық жобаның қаншалықты біздің халыққа керек екендігі осы қазіргі пандемия жағдайында анық көрінеді. Сол себепті бастапқы құны 2 млн теңгені құрайтын бұл жобаны қолдаушы демеушілердің және мемлекеттік деңгейдегі билік органдарының көмегі қажет.





Эксперттің пікірі

*Ақбастау ауылдық округінің әйелдер кеңесінің төрайымы Сатыбалдиева Гүлмира:
Аталған жобаның жақсы қолдау табатынына сенімдімін. Жетімі мен жесірін
жылатпаған халықпыз.*

*Суыққанды ерлердің көбейіп кетуі салдарынан жапа шеккен әйел азаматшаларына
демеу бола білетін,
өмірлік тәжірибе жинап, қатайғанынша баспана болатын бұл орталық еліміздің
әлеуметтік жағынан
дамуына өз үлесін қосады деп ойлаймын.*



Нәтиже:

Аудан және жаппай Қазақстан бойынша жаңа өмірге қадам басқан, өз ұрпақтарының сапалы білім алып, саналы тәрбиеленіп отырғанына куә болған қыз – келіншектер санының артуы





Пайдаланушының пікірі

Аноним: Мен «Үміт» өмірлік қиын жағдайға тап болған қыз келіншектерді оңалту орталығын 6 ай паналап, психолог мамандардың кеңесін алып, түрлі мастер класстардың куәсі болып, өмірге деген көз қарасымды өзгертіп, жаңа өмірге қадам бастым. «Үміт» оңалту орталығы мені тәндік деңгейде ғана емес, рухани тұрғыда емдеп шығарды.